

№ исх: 14-01/Д-1849,5//17-8/194  
от: 14.05.2018  
**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЭНЕРГЕТИКА  
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
ЭНЕРГЕТИКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19, блок «А»  
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43  
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, Астана қ., Кабанбай батыр даңғ., 19, «А» блогы  
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43  
E-mail: kence@energo.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламент Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

*2018 жылғы 25 қаңтардағы № ДЗ-23 депутаттық сауалға*

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) электр энергиясына тарифтің қалыптасуына қатысты 2018 жылғы депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлайды.

#### *1. Энергия беруші ұйымдарды ірілендіру мәселелері бойынша*

100 нақты қадам – ұлт жоспарының 51-ші қадамында анықталған тапсырмаларды іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы (*бұдан әрі – Заң*) әзірленді және 2017 жылғы 11 шілдеде қабылданды.

Заңның бірінші дәрежелі міндеті **энергия беруші ұйымдар санын азайту және иесіз электр желілері мәселесін шешу** болып табылады.

Заңмен энергия беруші ұйымдарға кезең-кезеңмен қолданысқа енгізілетін талаптар бекітілген:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей диспетчерлік технологиялық басқаруының болуы бойынша бірінші талабы күшіне енді;

2) 2020 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей электр желілерін, жабдықты, тетіктерді пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын жүзеге асыратын, жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен, аспаптармен және құрылғылармен қамтамасыз етілген, оқытылған және аттестатталған персоналмен жасақталған қызметтердің болуы, және жүйелік оператормен жүйелік қызметтер көрсетуге шарттарының болуы талап етілуде;

3) 2022 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей жүйелік операторда және өңірлік электр желілік компанияда орнатылған жүйелермен қалыптандыруын (*унификация*) қамтамасыз ететін коммерциялық есеп бойынша автоматтандырылған жүйелері мен телекоммуникация жүйелерінің болуы талап етілуде.

Бекітілген механизмге сәйкес энергетикалық қадағалау және бақылау бойынша мемлекеттік орган Заң талаптарына сәйкес келмейтін энергия беруші ұйымдарды анықтайды және бұл ақпаратты табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді. Тарифтерді бекітуге жауапты уәкілетті орган – Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (*бұдан әрі – ТМРБТҚҚК*) **талаптарға сәйкес келмейтін компаниялар үшін бұрын бекітілген тарифтерді қайта қарастыруы керек.**

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанындағы жағдай бойынша Министрлікпен **18 ЭБҰ-ға тексеріс жүргізілді.** Талапқа сәйкес 4 ЭБҰ келеді, ал талапқа сәйкес келмейтін 14 энергия беруші ұйым бойынша тиісті шаралар қолдану үшін ТМРБТҚҚК хаттар жолданды.

*Анықтама үшін:*

*ТМРБТҚҚК келесі энергия беруші ұйымдарға электр энергиясын беру қызметіне тарифтер төмендетті:*

1) «Әулие-Ата халықаралық әуежайы» АҚ (Жамбыл облысы) 1,85-тен 1,57 теңге/кВтс-қа дейін (ҚҚС-сыз) немесе 0,28 теңге/кВтс-қа төмендетілді (түпкілікті тұтынушы үшін сату тарифі 16,35 теңгеден 16,07 теңге/кВтс-қа дейін (ҚҚС-сыз) төмендеді).

2) «Қорқыт Ата Әуежайы» АҚ (Қызылорда облысы) 2,96-тен 2,78 теңге/кВтс-қа дейін (ҚҚС-сыз) немесе 0,18 теңге/кВтс-қа төмендетілді (түпкілікті тұтынушы үшін сату тарифі 18,96 теңгеден 18,78 теңге/кВтс-қа дейін (ҚҚС-сыз) төмендеді).

3) «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ (Ақтөбе облысы) 0,67-ден 0,52 теңге/кВтс-қа дейін (ҚҚС-сыз) немесе 0,15 теңге/кВтс-қа төмендетілді (түпкілікті тұтынушы үшін сату тарифі 18,32 теңгеден 18,17 теңге/кВтс-қа дейін (ҚҚС-сыз) төмендеді).

Бүгінде энергия беруші ұйымдар санының азаюы орын алуда. Мысалы, үш энергия беруші ұйым электр энергиясын беру бойынша қызмет атқаруды тоқтатты, олардың ішінде екеуі Ақтөбе облысында және біреуі Атырау облысында.

Мамандандырылған энергия беруші ұйымдарға иесіз электр желілерін және мемлекеттік заңды тұлғалардың электр желілерін беру бойынша шараларды іске асыруға жауапты болып **облыс, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері** анықталған.

2017 жылғы қарашада жергілікті атқарушы органдар бекітілген заңнама талаптарын және мерзімдерді ескере отырып, желілерді беру рәсімдері бойынша қажетті шаралар қосылған Энергия беруші ұйымдарды ірілендіру, иесіз электр желілерін, коммуналдық меншіктегі желілерді энергия беруші ұйымдарға беру бойынша жол карталарын қалыптастыруды аяқтады. 2018 жылы энергия беруші ұйымдардың басқаруына 119,1 км иесіз электр желілері берілуі керек. Бұндай желілердің толық берілуі 2020 жылы аяқталуы қажет.

*2. Ұлт жоспарының № 50 және № 52 қадамдарын 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап іске асыру мәселелер бойынша*

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап электр энергиясы нарығымен қатар сұранысты қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде жұмыс істеп тұрған электр қуатын күтіп ұстау және жаңа электр қуатын енгізу үшін инвестициялар тарту мақсатында электр қуатының нарығы жұмыс істейтін болады.

Қуат нарығының енгізілуімен көтерме тұтынушылар үшін қолданыстағы тариф екі бөлікке бөлінеді:

1) электр энергиясының тарифі – электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шығынды, жаңартылатын энергия көздерін қолдау үшін қаржы-есеп айырысу орталығынан электр энергиясын сатып алуды және тұрақты пайданы қамтитын айнымалы бөлігі;

2) электр қуатының тарифі – барлық қолданыстағы *(жұмыс істейтін)* және жаңадан енгізілетін энергия өндіруші ұйымдарға электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметіне төленетін тұрақты бөлік.

Электр қуаты нарығында бірыңғай сатып алушы құрылады, ол қолданыстағы және жаңадан енгізілетін энергия өндіруші ұйымдардан электр қуаттың әзірлігін ұстап тұру жөніндегі қызметтерді сатып алады және осы көрсетілетін қызметті **көтерме тұтынушыларға** *(өнеркәсіптік кәсіпорындарға, электр энергиясын жеткізу және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға)* бір орташа баға бойынша сатады. Бірыңғай сатып алушымен электр қуаты нарығының моделі соңғы тұтынушылар үшін электр энергиясының бағаларына салаға жаңа инвестициялар ағынының әсерін мейлінше азайту әсеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, яғни еліміздің инвестициялық энергетикалық жобаларын іске асырудан электр энергиясына бағалардың өңірлік өзгеруі мүмкіндігінше азаяды.

Қазіргі кезде нарық субъектілерін 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап алдағы электр қуаты нарығының жұмыс істейтіні туралы хабардар ету жөнінде түсіндіру іс-шаралары кезең-кезеңмен өткізіліп жатыр. 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында нарыққа қатысушылардың қатысуымен, оның ішінде кәсіпкерлермен алты «қуаттылықпен имитациялық сауда-саттық» өткізу жоспарлануда. Аталған жұмыс, сондай-ақ электр энергиясының көтерме сауда нарық субъектілерінің көп санын тарту үшін «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасымен бірлесіп жүргізіледі.

*3. Электр энергиясына тарифтің қалыптасу мәселелері бойынша*

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің хаттамалық тапсырмаларын орындау мақсатында *(2014 жылғы 9 шілдедегі № 11-5/09-23 және 2014 жылғы 14 шілдедегі № 11-5/09-14)* 2015 жылғы шілде айынан бастап Ұлттық экономика министрлігі тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтердің заңнамалық күшін жою бойынша жұмыстарды екі кезеңде өткізді:

– бірінші кезеңде: «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына заңды тұлғалардың электр энергия қызметін тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтер бойынша төлеу міндеттерін жою туралы өзгерістер енгізу ұсынылды (заңнамалық акт 2015 жылғы 12 қарашада қабылданды);

– екінші кезеңде: «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына тұтынушылардың электр энергия қызметін тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтер бойынша төлеуін таңдау құқығын жою туралы өзгерістер енгізілді (заңнамалық акт 2017 жылғы 11 шілдеде қабылданды).

Жалпы сараланған тарифтерді жою бойынша жұмыс оларды енгізу кезінде мәлімделген мақсаттарға (энергия жүйесі жүктемесінің кестесін оңтайландыру, тұтынудың қарбалас сәттеріндегі ең жоғарғы жүктемені төмендету және энергия жүйесінің ең төменгі жүктемелер сәттерінде электрді тұтынуды ұлғайту, тұтынушыларды энергия үнемдеуге ынталандыру) қол жетпеуіне байланысты атқарылды, және тұтынушылардың және нарық қатысушыларының басым бөлігі теңсіздік жағдайында қалды.

Тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді жою бойынша нормалар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын қарастыру бойынша Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің жұмыс тобы шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қорғайтын заңды тұлғалар бірлестіктерімен белсенді түрде қозғалды және депутаттармен бір ауыздан қолданды.

Ұлттық экономика министрлігімен өткізген 2009 – 2014 жылдар аралығында тәулік зоналары бойынша сараланған тарифтерді қолдану әсерін талдау республикада электр энергиясын тұтыну құрылымы **өзгерістерге ұшырамағанын** көрсетті, атап айтқанда:

- электр энергиясын **түнгі** тұтыну тек **0,5%**-ға ұлғайды;
- кешкі тұтыну тек **1,2%**-ға азайды.

Бұл талдау Ұлттық жүйелік оператор болып табылатын «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC»-тың қорытындысымен расталады. Сонымен, тәулік ішінде ең төменгі тұтынудың ең жоғарыға қатынасы және тұтынудың орташа тәуліктік мәнінің ең жоғарғы қатынасы ретінде мұндай көрсеткіштердің диапазоны 2009-2016 жылдар бойы Қазақстанның біртұтас энергия жүйесі бойынша бір деңгейде қалды.

**Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі**

**Қ. Бозымбаев**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)**

*На депутатский запрос № ДЗ-23 от 25 января 2018 года*

**Уважаемые депутаты!**

Министерство энергетики Республики Казахстан (*далее – Министерство*), рассмотрев депутатский запрос от 24 января 2018 года, касательно тарифообразования на электроэнергию, сообщает следующее.

*1. По вопросам укрупнения энергопередающих организаций*

В целях реализации задач, определённых в 51 шаге Плана Нации – 100 конкретных шагов, разработан и 11 июля 2017 года принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам электроэнергетики» (*далее – Закон*).

Первостепенной задачей Закона является **сокращение количества энергопередающих организаций и решение проблем бесхозяйных электрических сетей.**

Законом установлены требования к энергопередающим организациям, которые вводятся поэтапно:

1) с 1 января 2018 года вступило в силу первое требование по наличию диспетчерского технологического управления;

2) не позднее 1 января 2020 года требуется наличие служб, укомплектованных обученным и аттестованным персоналом, осуществляющих эксплуатацию и техническое обслуживание электрических сетей, оборудования, механизмов, охрану труда и технику безопасности, обеспеченных средствами индивидуальной и коллективной защиты, спецодеждой, инструментами и приспособлениями, и наличие договоров с системным оператором на оказание системных услуг;

3) не позднее 1 января 2022 года требуется наличие автоматизированных систем коммерческого учета, систем телекоммуникаций, обеспечивающих их унификацию с системами, установленными у системного оператора и региональной электросетевой компании.

Согласно установленного механизма, государственный орган по энергетическому надзору и контролю выявляет энергопередающие организации, не соответствующие требованиям Закона и представляет такую информацию в уполномоченный орган, осуществляющий руководство в сферах естественных монополий. Уполномоченный орган ответственный за утверждение тарифов – Комитет по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной

экономики (далее – КРЕМЗКПП) должен **пересмотреть ранее утверждённые тарифы для компаний, не соответствующих требованиям.**

По состоянию на первый квартал т.г. Министерством проверены 18 ЭПО. Соответствуют требованию 4 ЭПО, а по 14 ЭПО, не соответствующим требованию, направлены письма в КРЕМЗКПП, для принятия соответствующих мер.

*Справочно:*

*КРЕМЗКПП снижены тарифы на услугу по передаче электрической энергии по следующим энергопередающим организациям:*

*1) АО «Международный аэропорт Аулие-Ата» (Жамбылская область) с 1,85 до 1,57 тенге/кВтч (без НДС) или на 0,28 тенге/кВтч (отпускной тариф для конечного потребителя снизился с 16,35 до 16,07 тенге/кВтч (без НДС).*

*2) АО «Аэропорт КоркытАта» (Кызылординская область) с 2,96 до 2,78 тенге/кВтч (без НДС) или на 0,18 тенге/кВтч (отпускной тариф для конечного потребителя снизился с 18,96 до 18,78 тенге/кВтч (без НДС).*

*3) АО «Международный аэропорт Актобе» (Актюбинская область) с 0,67 до 0,52 тенге/кВтч (без НДС) или на 0,15 тенге/кВтч (отпускной тариф для конечного потребителя снизился с 18,32 до 18,17 тенге/кВтч (без НДС).*

На сегодня уже имеет место снижение количества энергопередающих организаций. Так, три энергопередающие организации прекратили осуществление деятельности по передаче электрической энергии, из них две в Актюбинской области и одна энергопередающая организация в Атырауской области.

Ответственными за реализацию мероприятий по передаче специализированным энергопередающим организациям бесхозяйных электрических сетей и электрических сетей государственных юридических лиц **определены акиматы областей, городов Астана и Алматы.**

В ноябре 2017 года, местными исполнительными органами завершены формирования Дорожных карт по укрупнению энергопередающих организаций, передаче бесхозяйных электрических сетей, сетей, находящихся в коммунальной собственности в энергопередающую организацию, в которых включены необходимые мероприятия по процедурам передачи сетей, с учетом установленных законодательством требований и сроков. В 2018 году должны быть переданы в управление энергопередающих организаций 119,1 км бесхозяйных электрических сетей. Полная передача таких сетей должна быть завершена в 2020 году.

*2. По вопросам реализации с 1 января 2019 года шагов № 50 и № 52 Плана нации.*

Согласно Закону Республики Казахстан «Об электроэнергетике» с 1 января 2019 года, наряду с рынком электрической энергии, будет функционировать рынок электрической мощности, с целью привлечения инвестиций для поддержания существующих и ввода новых электрических мощностей в единой электроэнергетической системе Республики Казахстан для покрытия спроса на электрическую мощность.

С введением рынка мощности существующий тариф на электрическую энергию для оптовых потребителей будет разделен на две составляющие:

1) тариф на электроэнергию – переменная часть, покрывающая затраты на производство электрической энергии, покупку электроэнергии у расчетно-финансового центра по поддержке возобновляемых источников энергии и фиксированную прибыль;

2) тариф на мощность – постоянная часть, которая будет оплачиваться за услугу по поддержанию готовности электрической мощности всем существующим (*действующим*) и вновь введенным энергопроизводящим организациям.

На рынке мощности будет создан единый закупщик, который будет приобретать у существующих и вновь вводимых энергопроизводящих организаций услугу по поддержанию готовности мощности, и реализовывать эту услугу **оптовым потребителям** (*промышленные предприятия, энергопередающие и энергоснабжающие организации*) по единой усредненной цене. Модель рынка электрической мощности с единым закупщиком позволит достигнуть эффекта максимального смягчения влияния притока новых инвестиций в отрасль на цены на электроэнергию для конечных потребителей, т.е. максимально смягчится региональное изменение цен на электроэнергию от реализации инвестиционных энергетических проектов страны.

В настоящее время поэтапно проводятся разъяснительные мероприятия по информированию субъектов рынка о предстоящем функционировании рынка электрической мощности с 1 января 2019 года. В первом полугодии 2018 года планируется проведение шести «имитационных торгов мощностью» с участием участников рынка, в том числе с предпринимателями. Данная работа также проводится совместно с Национальной палатой предпринимателей «Атамекен» для привлечения большего числа субъектов оптового рынка электроэнергии.

### *3. По вопросам тарифообразования на электроэнергию*

Во исполнение протокольных поручений Премьер-Министра Республики Казахстан (*№ 11-5/09-23 от 9 июля 2014 года и № 11-5/09-14 от 14 июля 2014 года*), законодательная работа по отмене дифференцированных тарифов по зонам суток начата Министерством национальной экономики с июля 2015 года, и проведена в два этапа:

– на первом этапе: были инициированы изменения в Закон РК «Об электроэнергетике», в части отмены обязанности юридических лиц платить за электроэнергию по дифференцированным тарифам по зонам суток (*законодательный акт принят 12 ноября 2015 года*);

– на втором этапе: были внесены изменения в Закон РК «Об электроэнергетике», в части отмены права выбора потребителями оплаты за электроэнергию по дифференцированным тарифам по зонам суток (*законодательный акт принят 11 июля 2017 года*).

В целом, работа по отмене дифференцированных тарифов была проведена ввиду того, что заявленные цели (*оптимизация графика нагрузки энергосистемы, снижение максимума нагрузки в часы пика потребления и увеличения*

электропотребления в часы минимальных нагрузок энергосистемы, создания стимулов у потребителей к энергосбережению) их внедрения не были достигнуты, и большая часть потребителей и участников рынка оказались в неравных условиях.

Нормы по отмене дифференцированных тарифов по зонам суток активно продвигались со стороны объединений юридических лиц, защищающие интересы субъектов частного предпринимательства, в рамках рабочей группы Мажилиса Парламента Республики Казахстан по рассмотрению проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан в области электроэнергетики» и были поддержаны депутатами единогласно.

Анализ применения дифференцированных тарифов на электрическую энергию по зонам суток с 2009 по 2014 годы, проведенный Министерством национальной экономики, показал, что структура потребления электроэнергии в республике **не претерпела изменений**, а именно:

- ночное потребление электроэнергии увеличилось лишь на **0,5%**;
- вечернее потребление снизилось лишь на **1,2%**.

Данный анализ подтверждается заключением, выданным АО «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями «KEGOC», являющимся Национальным системным оператором. Так, диапазон изменений таких показателей, как отношение минимального потребления к максимальному в течении суток и отношение среднесуточного значения потребления к максимальному на протяжении 2009-2016 годов по единой энергосистеме Казахстана оставался на одном уровне.

**Министр энергетики  
Республики Казахстан**

**К. Бозумбаев**